

# Áz-Naýryz qutty bolsyn!

# SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI  
SEMEL

# SHAÑYRAĞY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №3 (115) наурыз



## QURMETTI QURLTAIĞA QATYSÝSHYLAR JÁNE QADIRLI MEIMANDAR!

Barshańyzy ulattyq merkemiz – áz-Naýryz meiramymen jáne «I-Halyqaralyq bilim quryltaiynyń» ashylý saltanatymen shyn júrekten quttyqtaimyn!

Elimiz óz azattygyn alǵan sátten bastap birinshi kezekte taǵdyr talqysymen shetel asyp ketken qandastarymyzben tyǵyz qarym-qatynas ornatty. Tuńǵysh Prezidentimiz Nursultan Nazarbaevtyń bastamasymen elden shalǵaı ketken qazaq diasporasynyń tarıhı Otanyna oralý úshin arnayı memlekettik baǵdarlama jasalyp, kópтеgen qandastarymyz asyl armanyna qol jetkizip, Qazaq eliniń azamaty atandy.

Sonymen qatar Ata jurtyn ańsap ósken jas tolqynnyń elimizdeki irgeli joǵary oryndarynan bilim alýyna keńinen jol ashıldı. Búginde otandyq bilimniń nárimen sýsyndaǵan jastardyń aldy egemendi elimizdiń jarqyn bolashaǵy jolynda eńbek etýde.

Táýelsiz Qazaqstan elinde bilim sapasyn álemdik deńgeige kóterý baǵytynda keń aıqymdy reformalar qolǵa alynýda.

Búgingi quryltamyzdyń basty muraty - rýhanı qundylyqtarymyzdyń saralap, bolashaqqa batyl qadam jasaý.

Ulystyń uly kúinde Shákárim shańyraǵynan bastaý alǵan halyqaralyq quryltajumysyna sáttilik tileimin!

Egemendi elimizdiń mereii ústem, táýelsizdigi baiandy bolsyn!

Otanymyzǵa beibitshilik, halqymyzǵa bereke-birlik, árbir shańyraqqa baqyt pen shattyq tileimin!



Shákárim ýniversitetiniń rektory M. Eskendirov

## Ulystyń uly kúni

Naýryz sózi — parsysha — ný — «jańa», ryz — «kún» degen uǵymdy bildiredi. Qazaqsha «jańa kún», «jańa jyl», «kóktem merkesi» «uly kún» nemese «uly kún» degen maǵyna beredi. Qazaq uǵymynda bul kúni aspan juldyzdary bastapqy núktelerine keledi. Kún men tún, jaryq pen qarańǵy teńeledi. Qys yzǵary qaitady. Tórt túlik mal tóldeidi. Adamdardyń aýzy aqqa tiedi. Mal aýzy kókke tiedi, jer betine shattyq ornaidy. Sondyqtan bolar, kóshpendiler bul merekenı aıyqsha ardaq tutqan



Ǵasyrlar boıy halqymyzben birge jasasyp kelgen Naýryz merkesin 1926 jyldan bastap, elimizde kommýnistter tarapynan toılaǵa tyym salyndy. 62 jyldan soń jaǵnı, 1988 jyldan bastap ulattyq merkemiz qaita jańǵyryp, toılana bastady.

Naýryz merkesi 1991 jyly 15 naýryzda memlekettik mártebege ie bolyp, naýryz aınyń 22 juldyzyn «Naýryz meiramy» bolyp jarıalady. Al 2009 jyldyń 24 sáyirinde QR Prezidenti N.Á. Nazarbaev naýryz aınyń 21, 22, 23 kúnderine «Naýryz meiramy» degen mártebe berdi.

Jalǵasy 8-bette.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН:

■ РУХАНИ СҰХБАТ

# ҰЛТТЫҢ ЖОҒЫН ОЯУ ЖҮРІП, ІЗДЕУ КЕРЕК

*XX ғасырдың басында Алаш арыстары білімге, ғылымға, халқымыздың рухани дамуына айрықша мән беріп, оны дамытудың жолдарын нұсқаған еді.*

*Алаш қозғалысының көсемі, көрнекті мемлекет қайраткері, публицист Әлихан Бөкейханмен «жүргізілген» рухани сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.*



– Ұлттың рухани мәдени дамуының негізгі жолдарын атап өтсеңіз.

– Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Дүниедегі жер билігі күннен күнге ақылды, ұста жұрт қолына ауып барады. Еуропада ұлы патша атанған жұрт, халықтың ақылды-ұсталығына сүйеніп ұлы патша болып отыр. Біздің қазақ жерін мұжық алғанда табан ет, маңдай теріне сүйеніп алып отыр.

Қыр халқы ғылым-білім жайып жатқан һәм өздері ғылым-білімге көңіл бөлген себебінен кешікпей-ақ жақсылықты біліп, еңсесін көтеруге аяқ басар, өздерінің сүйектеріне берген ақылы-санасы болған соң, сол заманда болған балаларымыз бізден ақылды болып, біздің заманымыздағы аталарымыздың қылғандарын көріп таң қалар, я ойламай қатырар.

Білімге – жақсы да, жаман да жоқ. Білім – алмас қанжар. Кім қолына алса, соның қолы, салып қалса, жақсы-жаманды айырмай, басты алып түседі.

Рухани мәдениеттің бір белгісі – жалпы оқу, газета, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу.

Оқуда жүрген жастарға жәрдем қылу – жұрт борышы деп білсек, бұған мойын ұсынсақ, енді мұны іске айналдыру шарасын қылу керек. Бізден рухани мәдениеті озған жұрттың бұл туралы салған қысқа жолы бар. Біз де сол жолға түсу жөн. «Жәрдем» қауымының ісін бастауға, атқаруға таза пікір, талап, жаһұт қана шарт. Менің жоруымша, бұл іс қолынан келетін жігіттер қазақта осы күні бар.

– Елге тұлға болып жүрген азаматтардың ұлт алдындағы жауапкершілігі қандай болу керек?

– Кім шебер болса, жалықпай талмай ізденсе, бірігіп – тізе қосып, әдіс қылса – ғұмыр бәйгесі сонікі. Қазақ тып-тыныш жатып, еріншек, еш нәрсе қылмайды деп ойламаңдар! Олар қайратты, жұмыстың бәріне жарайды. Бірақ оларды қозғау керек.

Жалғызбын, азбын демей, бізден бұрында өтіп кеткен, біз не қыламыз демей, аспай-саспай, тасымай іс қылса, адам баласының қолынан келмейтін іс болмайды. «Тамшы – тас теседі».

Жұрт үшін қиядағы қиынды алған, жұртқа қызметі май болған Халамидің ғұмыры бақытты жігіт ғұмыры ғой! Жүйрік, қыран күшін қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!

Адам баласы істеп жүрген ұсталықтың ең оңайы етік тіккен, міні, бұ да кім болса соның, кез-келгеннің қолынан келмейді, бұ да етікшіні күтеді. Саясат ісі – адам баласы істеп жүрген ұсталықтың ең қиыны, етікке қылатын амал тарамыспен бітеді, саясат жолында тарамыс орнында

адам баласы. Тарамыс та шеберді күтеді.

Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздемей, жұртты тонап, момынды жылатып іздеген мырзалар, қысты күні үңгірде жатып, өз аяғын сорған аю мысалында

ғой, қанша қомағайланса да, сорғаны – өз аяғы.

Аз адам атқа міндім деп қасқыр болып жұртқа шапса, мұндай жұртта береке қайдан болсын?

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі – көш басын да алып жүре алмайды.

Жүйрік, қыран күшін – қиянға салса, жұрт мақсатын орнына апарса, мұнан артық не бақыт бар, бауырлар!

Бізде бірлік болып, іс қыла білетін шебер табылса, Алаштың баласы бақыт-махаббат жолына түсті!

– Ұлт ұрпағына айтар өсиетіңіз ...

– Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден.

Ұлттың жоғын ұйықтап жүріп емес, ояу жүріп іздеу керек.

Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпегенде, болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар.

Озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырмысқандар, төрден орын алып жатыр. Тырмыспағандар есікте қалып жатыр: есікте қалмай, төрге тырмысалық. Басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік.

Бұрынғының көбі – күш-қуатты тиісті орнына жұмсамай, бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмады, істегенінің бәрі жәбір, залым болды, қалғанының бәрі зорлық-зомбылық еді. Егер тарих оқысаң, пайдасы бар істің қандай екенін біліп, соны істемекшіміз! Зарарлы істен қашпақшымыз! Бұрынғының оңды ісінен үлгі алмақшымыз!

Алаштың азаматтары! Ақсақ қойдай басқадан кейін қалғанымыз ба? Жоқ, қалмас амалын іздеп қамданамыз ба? Қалмаймыз десең, қарап жатпалық. Көп іске – көп болып жабылайық! Ұлық іс – ұсақтан ұлғаяды. Кірпіш зор емес, қаласаң қандай зор үй шығады. Шөлшектеп жиып, шөмеледей илеу істейтін құмырсқаны көрмейміз бе?

Д. Тілеубердиев.

# ABAI ELINE QOSH KELDIŃIZDER!



**KESIĆI ABDULKAYYUM**  
Germania,  
Múnhen qalasy,  
Eýropadaġy qazaqtar  
qaýymdastyġynyń eks-tóraġasy,  
sasattanyń ġylymdarynyń  
doktory




**SAVAS ABDUSELAM**  
Ulybritania,  
London qalasy,  
Ulybritaniadaġy qazaq  
qoġamynyń tóraġasy



**TOPLU FAZIL**  
Túrkiya,  
Stambýl qalasy  
Túrkiadaġy qazaqtar  
qaýymdastyġynyń  
tóraġasy



**ERMIS MURAT**  
Shvetsia,  
FEKA-Eýropa qazaqtar  
federasiyasynyń prezidenti,  
Vesteros



**HAKIM MERYEM**  
Túrkiya,  
Ankara qalasy,  
Áleymettik-ġylymdar  
ýniversiteti, Sasattanyń  
ġylymdarynyń doktory



**NABI OSPAN**  
Mońgolia,  
Baian-Ólgei  
aimaġynyń Buqaralyq  
Radio Teledıdarynyń direktory



**KURMANGALIYEVA-  
ERCILASUN GÜLJANAT**  
Túrkiya,  
Ankara qalasy Qajy Baıram  
Ýalı ýniversiteti, Mevlana  
almasy baġdarlamasynyń  
ýniversitet boıynsha  
koordinatory, tarih  
ġylymdarynyń doktory,  
qaýymdastyrylġan professor




**BOKHAI JAINA**  
Mońgolia,  
Baian-Ólgei aimaġyndaqy  
Qobda ýniversitetiniń  
bólimshesinde tabıġat-  
qoġamtanyń kafedrasynyń  
meńgerýshisi. Bilim zerttey  
salasynyń doktoranty



**TÜRKEN NEZİHA**  
Fransia,  
Parij qalasy  
Mádemetaralyq bı jáne folklor  
qaýymdastyġynyń (ADFI)  
asosiasia tóraıymy



**KHAPYSH TULYEUBAI**  
Mońgolia,  
Baian-Ólgei aimaġyndaġy  
Qazaq radiosynyń tilshi-  
operatory



**KHACHATRYAN SHUSHAN**  
Armenia,  
Erevan memleketlik ýniversitetiniń  
Shyġystanyń fakýlteti, Túrkitany  
kafedrasynyń aspiranty







# СЕМЕЙ - ҰЛЫЛАР МЕКЕНІ



Семей - Шығыс Қазақстан облысының ірі қалаларының бірі. Ол Ертіс өзенінің екі жағалауында орналасқан.

Бұл қала еліміздің рухани астанасы болып есептеледі.

Осы киелі жерде қазақтың бас ақыны, ойшыл, хакім Абай Құнанбайұлы, ірі философ Шәкәрім Құдайбердіұлы, қазақ әдебиетінің кемеңгері Мұхтар Әуезов, Парижді таңқалдырған үздік әнші – суырып салма Әміре Қашаубаев дүниеге келген.



Семейде орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевский бірнеше жылдар бойы өмір сүрген. Осы жерде оның қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановпен достығы басталған.

1917 жылы Семей қаласында «Алаш Орда» зиялылары бостандықтың туын тігіп, өз үкіметін орнатқан.

Қаламыз бүгінгі таңда да өз тұрғындарын заманауи инфрақұрылымымен, саябақтармен және тарихи - архитектуралық ғимараттарымен қуантуда.

Абайдың әдеби-мемориалдық мұражай-үйі XIX ғасырда салынған ғимараттың 7 залынан, шығыс стилінде жаңадан салынған 10 залдан, Ахмет-Риза медресесінен және мұнаралы мешіттен тұрады.

Семей қаласында 1913 жылы алғаш «Ярыш» футбол командасы пайда болды. Семей тұңғыш ұлттық цирктің отаны атанды.






# ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ



**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ** – еліміздің Солтүстік-Шығыс өңіріндегі мәдени, оқу- әдістемелік және ірі ғылыми орталық болып саналады.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ** – педагогикалық, зоотехникалық-малдәрігерлік, қаржы-экономикалық және технологиялық институттарының бірігуімен құрылған.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ** – қазіргі заманға сай зертханалар және шеберханалармен жабдықталған, үлкен жұмыс тәжірибесі және кең көлемде халықаралық байланыстары бар көпсалалы оқу орны болып табылады.



**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ** 10 факультетінде жалпы саны 6 мыңнан астам студент бакалавриаттың 63 мамандығы бойынша, 2 арнайы жоғары білім беру бойынша, магистратураның 38 мамандығы және 6 мамандық бойынша PhD докторантурада білім алуда.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ** 1200-ге жуық ұстаздар мен қызметкерлер еңбек етеді. Олардың 13-і халықаралық және республикалық академиялардың академиктері мен корреспондент мүшелері, 45 ғылым докторлары мен профессорлар, 17 - PhD докторы, 200 ғылым кандидаттары мен доценттер, 215 магистрлар.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ** – қазіргі заманға сай материалдық, техникалық базамен және арнайы зертханалармен

жабдықталған. Университет құрамында 12 оқу ғимараты, оқу залы мен медиотекасы бар ғылыми кітапхана, 1300-ден астам компьютермен жабдықталған компьютерлік паркинг бар.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ** бассейн мен 2 тренажерлік залы бар. Сондай-ақ, арнайы футбол алаңы бар 2 спорт кешені, 1 спорт залы, медициналық орталық пен қазіргі заманға сай медициналық жабдықтармен жабдықталған емдеу-сауықтыру орны жұмыс істейді.

**ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ** – бірнеше беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі. Сондай-ақ АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Монғолия, Германия, Нидерланды, Ұлыбритания, Жапония, Түркия, Чехия, Словения, Польша, Ресей, Беларусь, Украина, Балтық жағалауындағы бірнеше мемлекеттердің ЖОО-дарымен халықаралық ынтымақтастық пен іскерлік байланысты жүзеге асырады.





*Биылғы 2019 жылы Шәкәрім университетінің Дайындық бөлімі өз-Наурыз мейрамы қарсаңында 10 жылдық мерейтойын атап өтпекші.*

*Дайындық бөлімінің мақсаты шетелдегі қандастарымызды Қазақстан Республикасының мектебінде білім алмағандығын ескере отырып, қазақ тілі, қазақстан тарихы, математика және бейімдік пәндерді оқыту барысында ЖОО-на түсу үшін кешенді тестілеуге даярлау. Сондай-ақ, университет ұжымы тарапынан өнерге, спортқа, ақындыққа, әдебиетке бейім жастарға үлкен қолдау көрсетілуде.*

## БІЗ АТАЖҰРТТЫ АҢСАП КЕЛДІК

### ЖЕКЕН АМАНГҮЛ:

– Семей жақын әрі қазақи қала. Көптеген балалармен ақылдаса келіп, осы Семейге келуді ұйғардық. Оның үстіне осы оқу орнында қаншама аға буындарымыз оқыды, тәмамдады, жаман болған жоқ. Сол кісілердің жолымен жақсы бір білікті маман болсам деймін. Білім деңгейі өте жақсы. Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды ұлы адамдарды тудырған топыраққа табанымыз тиіп, солардың кіндік қаны тамған жерде білім алсақ, біздің не арманымыз бар?!



### ЖАЛЫНЫШ АХЖОЛ:

– Мен болашақта өнер саласына бет бұрсам деймін. Жұлдыз, актер болсам деген арман бала кезімнен болған. Қандай маман иесі болсам да, мынау заманда ақ пен қараны ажырата білетін нағыз халыққа адал қызметкер болғым келеді. Тек бір ғана емес, бірнеше қосалқы маман иегері болсам деген ойым бар.

### МҰРАТХАН ГҮЛБАХЫТ:

– Атамекеніме келгенде, қазағымның кең даласын көргенде шынымен де толқыдым. Өз Отаныма келу арманым болатын. Сол үлкен арманға міне, жетіп отырмын. Бізді моңғол халқы ешқашан бөлген емес, шет қаққан жоқ. Бірақ, өз Отаныңдай бола алмайды ғой! Өз жерімізде біздің рухымыз жоғары, еңсеміз тік! Қазір өз елімізде таңымыз арайланып атып, шуақты күндерінен шабыт алып жатқасын, сағынышым сәл басылғандай...



**Дайындаған: Раушан Жокеева,**  
Қазақ филологиясы факультетінің 3-курс студенті.



### ӨРЛЕУБЕК ЕРСІНБЕК-

*1999 жылы ҚХР, Шыңжан Ұлттық Автономиялық Республикасының Қаба ауданында дүниеге келген. 2005 жылы атамекенге оралған.*

*Қазіргі таңда*

*Шәкәрім университеті, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті.*

## АТ ҮСТІНДЕ

Тізгінін тартып Ақтанау атты тұлпардың,  
Қыр жаққа шығып аралап қайтуды ұйғардым.  
Жылқы жануар қырт-қырт еткізіп желеді,  
Бетіне із сап кешегі жауған ақ қардың.

Желдіртіп жүріп жақсы мен жаман түсті еске,  
Балалық шағым кеткен екен-ау келмеске.  
Кеше ғана тай жалындағы бала едім,  
Айналып қаппын бүгінде міне жігітке.

Шапқылай түстім қара тұлпарға қамшы ұрып,  
Ұшқындай кетті жануар бойына қан жүріп.  
Табиғатқа бір әсем көрініс береді,  
Жылжыған сайын ат тұяғынан қар ұшып.

Көсіле шаптым кең даланы,  
ен даланы бетке алып,  
Жануардағы қалғысы келмей тоқталып.  
Кеудемде өлең бұрқырап жатты сол сәтте,  
Берен мылтықтай атылмай қалған оқталып.



# ҚАНДАСТАРЫМЫЗ АБАЙ ЕЛІНДЕ БАС ҚОСАДЫ



**Шәкәрім университеті ректоры кеңсесінің жетекшісі  
Марат Абдикаримовпен сұхбат**

жүрген қазақ жастарының тарихи Отанынан тамырын үзбеуіне көмек қолын ұсыну.

– Шәкәрім университетінен халықаралық қазақ тілі орталығы ашылғанын білеміз.

– Алға қойған міндеттердің бірі – қиырда жүрген қандас бауырларымыздың жастарын өз ортамызға шақырып, болашақта Қазақстанда, осы Абай елінде білім алуына, қалаған мамандығын игеруіне мүмкіндік жасау. Біздің оқу орынында бакалавриаттың 63 мамандығы, магистратураның 38 мамандығы және PhD докторантураның 6 мамандығы бойынша мамандар дайындалады. Сонымен қатар 10 жылдан бері шетелдерден келген жастарға арналған дайындық курсы жұмыс істейді.

Жалпы Абай елі қазақ тілінің эталоны болып табылады. Университетіміздегі 80 жылдан астам тарихы бар қазақ филологиясы факультетінің өзіндік қалыптасқан дәстүрі бар және ғылыми әлеуеті де өте жоғары. Осыған орай бізде халықаралық «Foundation» жобасы бойынша қазақ тілін үйрету орталығы ашылған. Бұл жерде тек тілді үйретіп қана қоймай, ұлттық мәдениетімізден кең ауқымды мағлұматтар беріледі.

Біздің білуімізше, Оңтүстік Корея, АҚШ елдерінде қазақша мектеп ашқан қандастарымыз бар екен. Ол арада тек тіл үйретпейді, онда ұлттық мәдениетімізбен танысуға кеңінен жол ашылған. Дегенменде ондай мүмкіндік барлық елдерде бар деп айта алмаймыз. Сонымен қатар біздің ана тілімізге, төл мәдениетімізге шетел азаматтары тарапынан қызығушылық бар. Мәселен, осы құрылтайға қатысуға келетін армяниялық қыз қазақ тілін үйренуге зорықлас танытып отыр. Біз халықаралық тіл орталығы арқылы

ана тіліміздің аясын кеңейтіп, ұлттық құндылықтарымызды әлемге танытуға өз үлесімізді қосамыз.

– Құрылтай аясында қандай іс-шаралар өткізілмек?

– 20 наурыз күні 11 сынып оқитын дарынды балалар арасында үлкен конкурстар өтеді. Байқауға еліміздің барлық өңірінен өнерпаз жастар қатысады. Аталмыш шараның аясында айтыс, өңкүй байқаулары және спорттық жарыстар өтеді. Бас жүлде иегерлері университет ректорының грантымен марапатталады. Бұл арадағы мақсатымыз – басқа өңірдегі талантты жастарды университетімізге тарту.

Елбасымыздың бастамасымен ағымдағы 2019 жыл – жастар жылы болып жарияланғаны баршамызға аян. Осы шараны басшылыққа ала отырып, байтақ еліміздің әр аймағынан жиналған жастарға ұлтымыздың рухани ұстазы Абай, ойшыл ақын Шәкәрім, кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов сынды ұлылардың кіндік қаны тамған және Алаш арыстары ту тіккен қасиетті Семей жерінің бай тарихымен таныстыру жоспарымыз бар.

Бүгінгі таңда алқалы басқосуға Германия, Ұлыбритания, Түркия, Франция, Швеция, Моңғолия елдерінен қонақтар келеді деп күтілуде.

Сонымен қатар құрылтай жұмысына еліміздің белгілі тұлғалары және қаламыздың зиялы қауымы қатысады.

– Сұхбатыңызға рахмет! Ұлыстың ұлы күнінде өтетін айтулы мәдени шара жоғары деңгейде өтіп, Шәкәрім университетінің мәртебесін тағы бір асқақтататынына сеніміміз мол!

**Наргиз Қамбаева,  
Журналистика мамандығының  
студенті.**

– Ұлыстың ұлы күнінде өткелі отырған білім құрылтайының басты мақсатына тоқтала кетсеңіз.

– Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы және «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» жобасы аясында ректорымыз Мейір Ескендіровтың бастамасымен наурыз айының 21-22 аралығында Халықаралық білім құрылтайы өтеді.

Мұндай ауқымды мәдени шара еліміздің Шығыс аймағында тұңғыш рет өткелі отыр. Шәкәрім университеті еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі болып саналады. Бүгінгі өскелең заманның басты міндеті алдыға жылжу, өз салаңда бәсекеге қабілетті бола білу деп білеміз. Елімізге кеңінен танымал болған іргелі үш оқу орнының базасында құрылған біздің университеттің материалдық-техникалық базасы, ғылыми әлеуеті жоғары. Білім құрылтайының негізгі мақсаты – әлемдегі барлық қазақ этностарының ішінен ғылыммен айналысатын, қазақтың өнерін, дәстүрін шет елдерде насихаттап жүрген білімді де білікті қандастарымызды өзімізге шақырып, білім алаңын қалыптастыру. Яғни өзара тәжірибе алмасу және болашақта елден шет



### Basy 1-bette.

● IYNESKO 2009 jyldyń 30 qyrkúeginde Naýрыз meiramyn adamzattyń materialdyq emes mádeni mura tizimine kirgizse, 2010 jyldyń 10 mamyrnan bastap Birikken Ulttar Uıymynyń Bas Assambleiasynyń 64-qararyna sáikes 21 naýрыз «Halyqaralyq Naýрыз kúni» bolyp taǵayndaldy.

● Shyǵys elderiniń (shámsı) kúntizbesi boıynsha, naýрызdyń bastalýy hamal (amal) aıynyń 1 juldyzy bolyp esepтеледи. Hamal — Toqty shoqjulydzynyń eski parsysha ataýy. Kún men tún teńelip, amal kirgen sátte Toqty shoqjulydzy týady.

● Qytaı jylnamalarynda da arǵy babalarymyz Ğundardyń Naýрыз merikesin toılaǵany jazylǵan.

● Naýрыз meiramyna bailanysty mynadaı ataýlar bar: Naýрыз kúni, Naýрыз aıy, Naýryznama, Naýryzkóje, Naýрыз toıy, Naýрыз jry, Naýрыз jumbaq, Naýрыз bata, Naýрыз tilek, Naýрыз tól, Naýryzkók, Naýрыз esim, Naýрыз sheshek, Naýryzsha, Áz, Qydyr, Samarqannyń kók tasy.

● Naýрызdyń dástúrli taǵamy – «Naýрыз kóje». Ol jeti túrli azyqtyq zattan turady. Jeti degen san aptanyń jeti kúnin bebeleidi, bul sannıy maǵynasy tereń. 7 sanǵa bailanysty ádet-ǵuryptar bar. Naýрыз merikesin toılaı kezinde, aqsaqalǵa naýрыз kójege toly jeti kese usynylady.

● Qazaqtıyń ejelgi uǵymynda 21-naýрыз kúni jer ıesi Qyzyr ata dalany aralaıdy eken. Tań bozaryp kele jatqanda, meiri túsken bir úge kelip qonady. Qyzyr qonǵan úge qut bereke darıdy, dáýleti shalqıdy. Qyzyr baba aralaǵan aýylǵa «baq oralady», «yryzdyǵy molıaiady» dep senedi.

● Bul kúnde bulaqtardyń kózi ashylıp, tazalyq jumystary qolǵa alyńǵan. Aǵaıyндar bir-biriniń úlerine qonaq bolyp, jasaǵan Naýрыз kójelerinen dáм tатысып, «Amansyń ba? Ulys oń bolsyn! Aq mol bolsyn! Qaıda barsa, jol bolsyn!», «Ulys baqty bolsyn! Tórt túlik aqty bolsyn! Ulys bereke bersin! Bále-jala jerge kirsin», - dep qushaqtасып kórisken.

● Mereke kúni qar jaýyp turıy jaqsy yrym dep sanalǵan. Bizge jetken qazaq aңыздарында qyzdyń sulýlyǵy Naýрызdyń aq qarına teńesteriledi.

● Halyqtyń ejelgi nanyм-seniminde naýрызdyń algashqy úsh kúniinde jer-kókti jaryp erekshe dybys (gýil) estiledi. Dál osy sátte «Samarqannyń kók tasy jibidi», «Jer-Ananyń toń keýdesi jibip, tas emshegi ıdi», búkil tabıǵatqa, tirshilik ıesine, ósimdik, jan-janýarǵa erekshe sezim, qýat kúshi pаıда болady деп сенеди. Sol sebepti halqymyz «Áz bolmai, máz bolmaıdy» degen.



Құрылтайшысы:  
Семей қаласының Шәкәрім  
атындағы мемлекеттік  
университеті.

Студент - жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық  
басылым айнаы  
бір рет шығады.

Редактор  
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрлігінің Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі № 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның  
мекен-жайы:  
Семей қаласы,  
Глинка  
көшесі, 20 а,  
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
мемлекеттік университетінің  
баспаханасында басылып  
шығарылды.  
Тел: 31-88-34  
Семей қаласы, Глинка, 20 а  
Таралымы 500 дана